

Джучи) и ее наследных ханств. Освещаются различные вопросы истории тюркских народов XIII-XVII вв. Книга о том, что для большинства российских читателей название с Золотая Орда ассоциируется с мрачной эпохой «монголо-татарского ига». В школах и вузах учащимся до сих пор внушается представление о периоде 1230-х - 1470-х гг. как о времени жестокого порабощения Русской земли завоевателями[7]. Этот исторический штамп, впитан многими поколениями российских читателей.

Работы В. В. Трепавлова о природе российской власти и ее роли в политической жизни Российской империи значительно расширили диапазон его творческих интересов, но вместе с тем по-прежнему важным направлением его научных исследований оставалась политическая и этническая история тюркских народов и государств золотоордынской и постордынской эпохи. Все эти средневековые тюркские государства постордынской эпохи сыграли важную роль в этнической истории казахского народа, политической истории Казахстана.

Подводя итог можно сказать что Вадим Винцерович Трепавлов внес огромный вклад в изучение истории тюрков. Ему удалось закрасить огромное “белое пятно” в истории Ногайской Орды. Труды Вадим Винцеровича вызывают большой интерес не только в странах Центральной Азии, но и во всем мире. Значение его трудов для историографии Казахстана сложно переоценить, но ужасейчас можно сказать, что в нашем евразийском кочевниковедении есть свой образец порядочности, интеллигентности, скромности, высокого служения науке

Литература:

1. Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: Проблема исторической преемственности. М.: Наука. Вост. лит., 1993; Его же. История Ногайской Орды. М.: Вост. лит. 2001. 752 с.; Его же. Тюркские народы средневековой Евразии. Избранные труды. Казань: Фолиант, 2011. 252 с; История Сибирского ханства. М., 2020.

2. Разумов Я. О книге Вадима Трепавлова «История Ногайской Орды» // Эксклюзив. 2006. № 3(36). С. 68 ; Милибанд С.Д. Востоковеды России: XX – начало XXI в.: библиографический словарь: в 2 кн. М.: Вост. лит., 2008б. Кн. II: Н–Я. 1005 с ; Ускенбай, К. (2020). Юбилей ученого: Вадиму Винцеровичу Трепавлову – 60 лет. Археология Казахстана, (3 (9), 148–162. <https://doi.org/10.52967/akz2020.3.9.148.162>

3. Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: Проблема исторической преемственности. М.: Наука. Вост. лит., 1993. 168 с.33.

4. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М.: Вост. лит., 2001а. 752 с. 34.

5. Трепавлов В.В. Белый царь. образ монарха и представления о подданстве у народов России XV-XVIII вв. / Рос. акад. наук, Ин-т рос. истории. – М.: Восточная литература, 2007. – 253 с.

6. Трепавлов В.В. Золотая Орда в XIV столетии. М.: Квадрига, 2010. - 72 с.

7. Тюркские народы средневековой Евразии. Избранные труды / Отв. ред. И.М. Миргалеев. – Казань: ООО «Фолиант», 2011. – 252 с.

КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНДАРЫ

Билисбаев Д.Б

Ғылыми жетекшісі: гуманитарлық ғылымдарының магистрі, оқытушы Мустафин Е.Е.

Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті

Электрондық адрес: dastanbilisbaj@gmail.com

Қарағанды қ.

Бүтіндей жою, басып - жаншу мақсатында көптеген зиялыларды қуғын сүргінге ұшыратқан Советтік социалистік кез. Бірнеше елдерде басталған саяси репрессия Қазақ жерін айналып өткен жоқ. Үкімет басшыларының заң орындары арқылы өз халқын, оның жекелеген

өкілдерін қуғынға ұшыратып, өздеріне бәсекелес бола алатын адамдарын әр түрлі қылмыстарды мойындарына іліп көздерін жойуға тырысты.

Еліміздегі репрессия өзінің бастауын 1928 жылдан бастап алды. 1925 Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы болып келген Ф.И. Голощекин республиканың саяси-экономикалық және әлеуеттік жағдайымен танысқаннан кейін «Қазақстанға Ұлы Қазан революциясының ешқандай ықпалы болмады, сондықтан мұнда «Кіші Қазан» революциясын жасау керек» деген теріс қорытындыға келіп, республикада репрессиялық шаралар жүргізе бастады. Ол ең алдымен ескі зиялыларға көзін құртуға тырысты. Қазақ жерін, дінін, тілін аман алып қалуға тырысқан қазақ азаматтары өздерін осы бір қанды саясатқа жандарын тікті. [1]

1927 жылы Қазақ АССР Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Филипп Голощекин Октябрь социалистік революциясының он жылдығына орайластырылған «Кіші Қазан» атты жаңа саяси бағытты жариялады. Қазақ көшпенділерін ұжымдастыру және отырықшы өмір салтына көшіру арқылы республикада саяси қарсыластарды қудалау басталды. Олар партияның қателіктері мен артықшылықтарын сынағаны үшін және Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінде ұлттық тәуелсіздікті талап еткені үшін «Ұлтшылдық» деген айып тағылды. Олардың көпшілігі «Алаш-Орда» партиясының мүшелері еді. Алдымен билік сыншыларын елден қуып жіберді, кейіннен 1928 жылдан бастап оларды тұтқындауға кірісті. Алғашқы 44 «буржуазиялық ұлтшылдардың» қатарында Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Ғаббасов тағыда басқа зиялылар болды. Араға небәрі екі жыл салып, жаңа тазарту жүргізіліп, нәтижесінде 40-тан астам адам қамауға алынды, олардың арасында Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Жақып Ақбаев және қазақ зиялыларының басқа да өкілдері болды. Олардың кейбіреулері Орталық қара жер аймағындағы Ресей аумағына жер аударылды.

20-шы жылдары кем дегенде бір рет диссиденттер тізіміне енгендердің көпшілігі кейіннен бірнеше рет қамауға алынып, түрмеге жабылып, Гулагқа жер аударылды. Алайда бұл жазалар оларға аз көрініп 1931 жылдан бастап ату жазасына кесу туралы үкім қабылданды. Сол бір қанды үкімге қаншама қазақ азаматтары ілінді. 1937-1938 жылдары ату жазасына 25 мыңға жуық адам кесілген. соның ішінде А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және тағыда басқалары. Ал кейбір азаматтар «контрреволюциялық қызметі» үшін жоғары дәрежеде сотталды олар: Жүсіпбек Аймауытов, Дінмұхамед Әділов, Әбдірахман Байділдин және Ахметсафа Юсупов.

1933 жылы Сталин алғаш рет «халық жауы» терминін ҚКП Орталық Комитет отырысында қолданып Ел басшылығы орталықта және әр республикада қуатты оппозициялық күштерді жоюға бағыт алды. Барлық деңгейдегі адамдар жаппай қуғын-сүргінге ұшырады, тұтқындаулар мен тергеулер жеделдетілген қарқынмен жүргізілді, жоспарлар мен түрлі бұйрықтар шығарылды және ақпарат барлық жолдармен көтермеленді. «Халық жауларының» көпшілігінің тағдыры КСРО Жоғарғы Сотының Әскери комиссиясының отырысында, НКВД-ның «үштік» және «екі» деп аталатын арнайы жиналысында жасырын түрде шешіліп отырды.

Қазақстан азаматтарын көбінесе тыңшылық, антисоветтік арандатушылық және үгіт-насихат, сондай-ақ ұлтшылдық үшін айыпталды және көпшілігі экономикалық контрреволюция, диверсия және мемлекеттік мекемелер мен компаниялардың қалыпты қызметіне нұқсан келтіру мақсатында Террористік актілерді дайындағаны және жүргізгені үшін қуғын-сүргінге ұшырады деп әртүрлі жалған айыппұлдар іліп отырған.

Кейіннен бұл 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басындағы Сталиндік репрессияға ұласты. «буржуазиялық ұлтшылдар» космополитизм мен күрес жолында сынның атқылауына шығармашылық және ғылыми интеллигенция өкілдері түсті. 1940 жылдардың екінші жартысында Сталиндік репрессия кесіріннен еліміздің, қазақ халқы ауыз әдебиетінің 100 томға жуық құнды туындылары партия шешімімен қоғамға зиянды деп танылып, оларды пайдалануға тиым салынды көздерін жойды. Бір Қазақстан ішінде 118 мың адам өлім жазасына кесіліп, оның 25 мыңы атылды. Бұл жолы «Үлкен террор» құрбандарының қатарында Сәкен Сейфлин, Ілияс Жансғолов, Бейнбет Мейлин, Санжар Асфендияров, Темірбек Юргенев және Влаз Зандсов Ермұхан Бекмахановтың, филолог Есмағамбет Исмаиловтың,

Мұхтар Әуезовтың, Сәбит Мұқановтың, Әбділда Тәжібаевтың, Ахмет Жұбановтың, Мәриям Хәкімжанованың туындылары алынып және оқуға таратуға тиым салынды. Сол жылдардағы еліміздегі жүргізіліп жатқан Кеңестік саясаттың нәтижесі тарихшы, филолог ғалымдарымыздың қаймақтары: Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Есмағамбет Исмайлов, Қажым Жұмалиев, Ахмет Жұбанов және тағы басқалар қудалаудан тыс қалдырылмады. Ғылым Академиясының президенті, бүкіл әлемге белгілі ғалым-геолог Қаныш Сәтбаев пен жазушы Мұхтар Әуезов сынды халқымыздың көрнекті ұлдарын қызметінен айырып, уақытша болса да біраз репрессияға ұшыратып, елден кетуге-де мәжбүр етті. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары Қазақстан елінде жүргізілген бұл жағдайлар И. Сталин өлімінен кейін жаппай саяси репрессияны тоқтатқанымен қазақ интеллигенцияларына деген саяси-идеялық күрес өз жалғасын тауып жатты. [2, 32]

Бұл жағдайлардың әрине өз себептері мен салдары бар. Соған қысқаша көз жүгіртіп талдайтын болсақ себептері мен салдарын бірнеше бөлімдерге бөлуге болады.

1-бөлім. 1917 жылы қазан айынан 1920 жылдар аралығында большевиктер билікке келгеннен кейін этникалық саяси партиялармен және қуғын-сүргінге байланысты этникалық автономиялық айланысты этникалық зиялылар пайда болды. А. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмахаметов, С. Лапин. Дәл осы кезеңде билік мемлекеттік зиялы қауымның неғұрлым білімді, саяси жетілген және белсенді бөлігінің ықпалын қазақ қоғамынан айырып, оқшаулай алды. Сонымен қатар, бұл «әлеуметтік және саяси оқшаулау» механизміне қысым жасағандардың Барлығына арналған алгоритм болды. Бастапқыда мемлекеттік элитаның өкілдері биліктен «қуылды» және мәдениет, білім және ғылым салаларына кіруге мәжбүр болды (университеттерде оқу, газет-журналдарда жұмыс істеу, зертханаларда ғылыми жұмыс және т.б.). Бірнеше жылдан кейін билік бұл саладағы өзгерістер екенін түсінді мемлекеттік зиялы қауым (саясаттан мәдениетке дейін) олардың ойлау тәсіліне, ойлау еркіндігіне әсер етпеді. Келесі кезең ретінде оқшаулау, әлеуметтік ортадан «шығару», яғни үй қамауына алу, шығару, түрмеге қамау басталды. 20 ғасырдың бірінші тоқсанында қазақ ойлауы мен эмоцияларына аса маңызды әсер еткен ескі ұлттық зиялылар 20-жылдардың ортасына қарай артта қалды.

2 бөлім. Коммунистік партияға қарсы қуғын - сүргін-1920 жылдардың ортасынан 1930 жылдардың басына дейін Қазақ өлкесі парткомының бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің ескі дереккөздермен бірге саясатына қарсы шыққан кеңестік элиталардың, кеңестік ұлттық зиялылардың «жаңа толқыны» кеңестік партиялық жүйе. Осы уақыт ішінде С. Сейфуллин, Рыскуов, Сәдуақасов, Қожанов, және басқалары саяси жүйеде қиын жағдайға тап болды. Кеңестік мемлекеттік зиялы қауымның бұл өкілі Қазақстанда социалистік қоғам құру бойынша Голошкиннің әдісіне қарсы болды және бұғаттауға тырысты. Олар қазақтың дәстүрлі көшпенділер экономикасының құрылымы мен ерекшеліктерін ескермей, Қазақ даласында қандай күйреу болатынын болжап, ескертті. 1920 жылдардың аяғынан 30-жылдардың басына дейін толық ұжымдастыру және мәжбүрлі қоныс аудару кезеңіндегі бай фермерлерге (соның ішінде бай фермерлер мен қазақша фермерлерге) қарсы репрессия. осы қуғын-сүргін кезеңінде қрек пен бай Каку класын жою қозғалысы болды, бұл мүмкіндік берді фермерлер «ауыстыру» үшін фермерлердің ең күшті, еңбекқор және ықпалды бөлігін жойыңыз. Күштеп ұжымдастыру дәуірінде билік бай ауыл тұрғындарына айтарлықтай қарсылық көрсетті. Қазақ көшпенділерінің мәжбүрлі көші-қоны, дайын малды басып алу және биліктің Сталиндік моделі бойынша ұжымдастыру қазақ кеңес элитасы (Т. Рыскулов, с. Сәдуақасов, с. Қожанов және т. б.) 200 миллионға жуық қазақты аштық пен аурудан өлтірген «ұлы ашаршылықты» тудырды. [3]

1930 жылдары өнеркәсіптік және коммерциялық жұмысшылар «диверсия және зиянкестік» (Лида, Балхаси және т.б.) айыптары бойынша қуғын-сүргінге ұшырады. Осы кезеңде еркін ойлайтын инженерлердің, техниктердің және техникалық зиялы қауымның қызметкерлері «жапон-неміс тыңшыларының», «контрреволюциялық ұйымдардың» туы астында қуғын-сүргінге ұшырады., «Троцкистер», «оңшылдар» және «этникалық тыңшылық ұйымдар». І. Михайленко, П.П. Спиридонов, А.И. Келманссон, М. Г. Грольман, П.К.

Поддубный, Н. М. Прасолов және т. б. Қазақстандағы ірі құрылыс жобасы мен компанияның иелеріне «зиян келтірді» деген айып тағылды. Осы кезеңдегі қуғын-сүргін тұтқындауға, түрмеге қамауға және өлім жазасына кесілді.

3 бөлімде 1937-1938 жылдардағы «Ұлы сұмдыққа» реакция. Алдыңғы қуғын-сүргіннің шарықтау шегі және логикалық аяқталуы ретінде билікке қарсы шыққан немесе кездейсоқ репрессиялық механизмнің «қысымына» ұшырағандарды физикалық түрде жою ұсынылды. Осы уақытта алдыңғы уақытта қуғын-сүргіннен аман қалғандар қуғын-сүргінге ұшырап, қайтадан өлім жазасына кесілді. 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін кезеңінде Республиканың, облыстардың, қалалар мен аудандардың партиялық-кеңестік және НКВД органдарының барлық негізгі кадрлары алдымен қапаста қамауға алынып, кейін өлім жазасына кесілді. Кейіннен Қазақстанға басқа ұлт өкілдері яғни корейлер, поляктар, немістер, шешендер, ингуштар, қырым татарлары, түріктер және басқалар жер аударылды. Осы кезеңде Кеңес Одағы бойынша бұрын-соңды болмаған депортация жүргізілді. 24 сағат ішінде мыңдаған адам негізсіз айыппен үйлерінен шығарылды, ал депортация кезінде бірнеше мыңдаған адамдар өмірден озды.

4 бөлім. Соғыстан кейінгі қуғын-сүргін онжылдығы. 1940 жылдардың ортасынан 1950 жылдардың ортасына дейін ол соғыстан кейінгі Сталиндік режимді нығайту мақсатында әскери тұтқындарды, шаруаларды, жұмысшылар мен зиялыларды қуғын-сүргінге ұшыратты. КСРО-да саяси тұтқындар арасынан "аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлердің қатаң режимін сақтау" үшін арнайы концлагерьлер жүйесі құрылды. «Үлкен Террор» кезеңі артта қалды, бірақ қуғын-сүргін жалғасты. Лагерьлер кеңейе түсті. 1953 жылы 25000-ға жуық тұтқын интернатқа орналастырылып, 275000-ы жер аударылды.

Соғыстан кейінгі сталиндік зиялы қауымның Бекмаханов, Сүлейменов, Исмаилов, М. Әуезов және Қ. Сәтбаев сияқты көрнекті өкілдерін қуғын-сүргінге ұшыратты.

5 бөлім. 1950 жылдардың ортасынан бастап 1980 жылдардың ортасына дейінгі барлық «келіспеушіліктерге» -шығармашылық зиялы қауымға, ғалымдарға, партиялық - кеңестік элита мен басқа да әлеуметтік топтардың өкілдеріне қарсы репрессия. Осы кезеңде репрессия әдістері өлім жазасын, түрмеге қамауды, психиатриялық клиникаларда мәжбүрлеп емдеуді, КСРО-дан депортациялауды және т.б. алмастыра отырып, біршама «жұмсарды».

Сол жылдардағы «ашықтық пен қайта құру» кезеңіндегі қуғын-сүргіннің ең жарқын бөлігі 1986 жылғы оқиғаларға қатысушыларға қарсы қуғын-сүргін болды. Кеңестік қуғын-сүргін машинасы, аяусыз Молох сияқты, жүйеге қарсы шыққандардың тағдыры мен өмірін жойды. 1986 жылғы желтоқсандағы оқиғалар кезінде КСРО ПМ-нің «боран-86» операциясы аясында Қазақстанда 2,5 мыңнан астам адам зардап шекті (медициналық мекемелерге жеткізілді, ауруханаға жатқызылды, жараланды және т.б.). Құқық қорғау органдары 8,5 мыңға жуық адамды ұстады, оның 103-і сотталды, 800-ден астам адам комсомолдан шығарылды, ал кейбір мәліметтер бойынша 270-ке жуық 300-ден астам студент оқудан шығарылды. [4]

Қорытындылай келе 1926 - 1959 жылдар қазақтардың саны 27,1 пайызға кеміп, азайғандығын дөп басып айтуға болады. Осы бір оқиғаның кесіріннен қазақ халқы өз тілін, дінін, ата – жұртының тарихының ұлттық ерекшеліктерінен жойылып кету алдында сәл қалды. Осы мақаланы оқи отырып қазақ халқының қаншама атақты білімді интелгентті адамдарының сандарының өте жоғары көрсеткішке дейін азайғанын көре аламыз. Қазір елімізге қарап өзіміздің тарихымызды оқи отырып басымызға үйірілген қара бұлттан арылып дамыған елдер қатарына кіргенімізді нақты айта аламыз.

«Өткен күн тарих» сол себепті қазіргі саналы ұрпақ үшін өз жанын құрбан еткен ата-бабаларымызды ұмытпауға тиістіміз!

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Қойгелдиев М. Зұлматқа ұрындырған жол // Егеменді Қазақстан. 1992 жыл 22 маусым.
- 2 Тәтімов М. Қазақ әлемі. Алматы, Атамұра, 1993, 32-бет

3 Интернет ресурс: Сақтағанова З.Ғ. 1920 – 1980 жылдардағы Қазақстандағы саяси репрессия: кезеңдері мен салдары. //https://anatili.kazgazeta.kz/news/59681

4 Интернет ресурс: Қазақстандағы репрессиялық жазалау іс әрекеттеріне ұшыраған қазақ интеллигенциясының саны мен құрамындағы демографиялық мәселелер (1926-1959 жж.). //https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9014

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

Бимағамбет А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Электрондық адресі: bimagambet1907@mail.ru

Қарағанды қ.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің бұл кезеңдегі шығармашылық қызметі асқақ отаншылдыққа негізделіп, айырықша жемісті болды. Соғыс жылдарында жоғары оқу орындарының, мәдени-ағарту және ғылыми-зерттеу мекемелерінің саны көбейіп қана қоймай, сонымен қатар бүкіл мәдениеттің, ғылымның дамуына ықпал етті. Жалпы кеңестік, сонымен қатар Қазақстан ғылымының да соғыс жылдарындағы негізгі міндеті адам, өндіріс және табиғат ресурстарын майдан қажетіне жұмылдыру ісіне жәрдемдесу болды. Мұның мәнісі пайдалы қазбалардың зерттелуі мен пайдаланылуын жеделдетіп, тереңдетіп шикізаттың жаңа көздерін ашу. Осы міндеттерді орындауда КСРО Ғылым академиясымен қатар, КСРО Ғылым академиясының Қазақстан филиалы жетекші рөл атқарды.

Соғыс республиканың жоғары оқу орындары және олардың көш бастаушысы Қазақ университеті үшін де қатаң сын болды. Негізінен 1941-1942 жылдары майданға оқу орнының 287 студенті мен оқытушылары, қызметкері аттанды. 1941 жылы 910 студент болған студенттер саны 1942 жылы 737-ге азайды. 1945-1946 жылдары 982 адамоқыды.

Фашизмге қарсы күреске ғылыми күштерді біріктіру мақсатында 1941 жылдың күзінде кеңестік ғалымдардың Антифашистік комитеті құрылды. Комитеттің жетекшісі академик Н.С. Державин, орынбасарлары академиктер П.Л.Капица, Е.М. Ярославский және А.Е. Ферсман болды. Митингтер мен жиналыстарда ғалымдар дәрістер мен баяндамалар оқыды, радио хабарларын жүргізді [1, 194 б.].

Фашистік идеологияның күйреуіне кеңестік, соның ішінде қазақстандық ғалымдардың зерттеулері де өз ықпалын тигізді. Тарихшылар, философтар, әлеуметтанушылар, қаржы қызметкерлері бұл іске өз үлестерін қосты. Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарында зерттеулердің тақырыптары қайта қаралды. Ғылыми жұмыстардың жоспарына жаңа тақырыптар енгізілді, олар соғыс жағдайындағы елдің алдында тұрған күрделі мәселелерді шешуге бағытталды. Атап айтсақ, 1941 жылы 5 қазанда КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының президиумы 1942 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптық жоспарын қарай келе, қорғаныс металдарын, жергілікті минералды шикізат пен отын көздерін іздестіру экспедицияларын қосымша жасақтау, химия өндірісін дамыту, мал басын көбейту бойынша тақырыптарды орындау қажет деген қорытындыға келді.

1941 жылы 16 қазанда елдің қорғаныс қажеттілігі үшін республиканың өндіргіш күштерін жан-жақты зерттеу мақсатында Қазақ ССР мемлекеттік жоспарлау комитетінің жанынан құрамында өндіріс және ауылшаруашылығы саласы бойынша тұрақты комиссия бар ғылыми-техникалық кеңес ұйымдастырылды. Кеңесті Қ.И. Сәтбаев және республиканың мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы басқарды. 1942 жылы Кеңес